

# ЛЕНИН ТУҒЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 78 (9140) | 1953 жылғы 17 апрель Жұма | Шығуына 34 жыл жеке саны 20 тыйын.

## Көктемгі егіс кезіндегі саяси үгіт нақтылы және әсерлі ұйымдастырылсын

Облысымыздың бірқатар совхоздары мен колхоздары сталиндік бесінші бесжылдықтың үшінші жылдында ауылшаруашылық дақылдарынан мол өнім алудың шешуші кезеңі — көктемгі егіс жұмыстарына кірісті. Булаев ауданының Чистов, Ұзынкөл совхоздары, «Новый путь» ауылшаруашылық артели жүздеген гектар егістік жерлерді тырмалап, қоректендірді. Енді бірер күнде егіс жұмыстары барлық жерде жаппай басталмақ.

Бұл бүкілхалықтық істі ұйымдастыруда партия ұйымдарының алдына зор міндеттер қойылады. Олар совхоз және МТС қызметкерлерінің және колхозшылардың саяси және өндірістік белсенділіктері үнемі бастай біліп, көктемгі егістің қысқа мерзімде, агротехникалық жоғары дәрежеде өткізілуін қамтамасыз етуге тиіс. Бұл міндеттің ойдағыдай орындалуы егіншілер арасындағы саяси үгітті нақты және әсерлі ұйымдастыру мәселесінде тікелей байланысты.

Газетіміздің бүгінгі санында Преснов аудандық партия комитетінің көктемгі егіс кезінде жүргізетін саяси-бұқаралық және мәдени-ағарту жұмыстарының шаралары жарияланып отыр. Аудандық партия комитеті бастауыш партия ұйымдары мен үгіт коллективтерінің жұмыстарына басшылық жасап, көмек көрсету, мәдени-ағарту мекемелері мен киноландыру орындарының егіншілерді қамтуы, сонымен қатар, саяси баяндамашылар тобының жұмысы жөнінде нақтылы шаралар белгіледі. Мұның бәрі көктемгі егісте жұмыс істейтін ауылшаруашылық қызметкерлерінің арасында саяси үгітті және мәдени-ағарту жұмыстарын кеңінен ұйымдастырып, олардың саяси және өндірістік белсенділіктерін еселеп арттыру үшін қолайлы жағдай туғызатыны сөзсіз.

Облыстық партия комитетінің бюросы Преснов аудандық партия комитетінің көктемгі егіс кезіндегі жүргізетін саяси-бұқаралық және мәдени-ағарту жұмыстарының шараларын қарап бекітті, сонымен қатар, аудандық партия ко-

лар бірге өмір сүреді, бірге әрекет жасайды. Сондықтан кімде-кім біздің практикалық жұмысымызда шаруашылықты саясаттан бөледі, саяси жұмысты төмендету арқылы шаруашылық жұмысты күшейтуді немесе, оның керісінше, шаруашылық жұмысты төмендету арқылы саяси жұмысты күшейтуді ойласа — ол адам сөзсіз түйыққа тіреледі» (И. Сталин). Сталиндік бұл нұсқауды бұзғыншай орындау әрбір басшы қызметкерлердің ардақты борышы, абройлы ісі болып табылады.

Партия ұйымдары жергілікті Советтердің сайлауына әзірлік және оны өткізу кезінде саяси үгітті ұйымдастыруда зор тәжірибелерге ие болды. Кәзір сол табыстарымызды баянды етіп, көктемгі егіс кезінде саяси-бұқаралық және мәдени-ағарту жұмыстарының барлық түрлері мен әдістерін кеңінен пайдалану керек.

Үгітші — саяси үгітте негізгі тұрға. Олай болса, партия ұйымдары үгітшілермен жұмысты мейлінше жақсартып, олардың өткізген әңгімелерінің әсерлі болуына жетісулері керек. Бұл үшін үгітшілердің кеңестері мен семинарлары кезінде етіп, онда тиісті тақырыптарда лекциялар мен баяндамалар оқумен бірге, саяси үгіттің жақсы тәжірибелері жыйнақталып, қорытылатын болсын. Үгітшілердің әңгімелерінің мазмұнын жақсарту үшін олардың әңгімелеріне жиі қатысып, кеңес беру жолымен қолма-қол көмек көрсету қажет.

Көктемгі егіс кезіндегі саяси жұмыс үгітшілердің әңгімелерімен ғана тынбайды. Механизаторлар мен жұмысшылардың, колхозшылардың мәдени қостарының ұқыпты жабықталуын, онда көрнекі үгіттің, радиоқабылдағыштар мен музыкалық аспаптардың, газет, журналдардың және осы сияқты басқа да қажетті құралдардың болуын қамтамасыз ету — басты міндеттердің бірі. Сонымен бірге, егіс бригадалары мен трактор отрядтарында басшы партия, совет қызметкерлерінің саяси тақырыптарда баяндама жасауын,

## Облысымыздың егіс даласында

### Дала жұмыстары басталды

БУЛАЕВО. (Телефон арқылы алынды). Чистов совхозының егіншілері дала жұмыстарына ауданда бірінші болып шықты. Совхоздың барлық бөлімшелері пар мен зябь жыртылған жерлерді тырмалап, оларға ылғал жабуға кірісті. Жер тырмалауға бірнеше трактор агрегаты қосылды. Олардың бәрі алғашқы сағаттардан бастап жұмысты өнімді істеп келеді.

Алғашқы дала жұмыстары әсересе, пар мен зябьті тырмалау совхоздың № 4 бөлімшесінде ұйымшылдықпен басталды. Трактор агрегаттары уақытты ұтып пайдаланып, пар мен зябьті тырмалап, оған ылғал жабу жұмыстарын шапшаң жүргізуде. Механизаторлар жер тырмалауда тағайындалған сменалық тапсырманы ұдайы артығымен орындап жүр. Соның нәтижесінде № 4 бөлімшеде 1500 гектар пар мен зябь тырмаланып болды.

Дала жұмыстары совхоздың № 1 және № 3 бөлімшелерінде де кең өріс алуда. Мұнда зябь пен пар жыртылған жерлерді тырмалауға трактор агрегаттары көптен қосылып, өнімді жұмыс істей бастаған. Кәзір совхозда барлығы 3 мың 570 гектар жер тырмаланды. Совхозда бұйыл 12 мың гектар жер тырмаланып, оларға ылғал жабылуға тиіс еді. Совхоз егіншілері бұл жұмысты ең қысқа мерзімде толық аяқтауға ұйғарып отыр.

Пар мен зябь жыртылған жерлерді тырмалауға Қарағанды совхозы да кірісті. Алғашқы күннің өзінде мұнда бұл жұмысқа 4 трактор агрегаты қосылған. Осы сияқты, көктемгі дала жұмыстары Ұзынкөл совхозының № 1 бөлімшесінде де қызу қолға алынды.

Көктемгі дала жұмыстарына ауданның колхоздары да шыға бастады. Колхоздардан «Новый путь» ауылшаруашылық артели егіске бірінші болып шықты. Осы колхоздың егіс даласында жұмыс істейтін Булаев МТС-нің № 14 трактор бригадасының механизаторлары пар мен зябь жыртылған жерлерді тырмалауды ойда-

Саясатты шаруашылықтан айыруға болмайды. Саясаттан аулақ кете алмайтынымыз сыяқты, біз шаруашылықтан да аулақ кете алмаймыз... Практикада саясат пен шаруашылық біртұтас нәрсе. Бұлар бірге өмір сүреді, бірге әрекет жасайды.

И. СТАЛИН.

## Май мерекесін лайықты тартулармен қарсы алайық!



Петропавл вагон жөндеу депосының токарі В. Воротынец өндірістік жоғары көрсеткіштерге ие болуда. Ешбір ақаусыз жұмыс істеумен бірге ол Май мерекесі қарсаңында нормасын күн сайын 300—350 процентпен орындап жүр.  
СУРЕТТЕ: Стахановшы токарь В. Воротынец жолдастың жұмыс істеп тұрған кезі. Суретті түсірген А. Розенштейн.

## Ігі нәтижелер

Микоян атындағы ет-консерві комбинатының коллективі ССРО Министрлер Советі мен СОКП Орталық Комитетінің азық-түлік және өнеркәсіп товарларының мемлекеттік бөлшек сауда бағаларын жаңадан кеміту туралы қаулысын қуанышпен қарсы алып, Май мерекесі қарсаңындағы социалистік жарыста жаңа міндеттемелер алды. Коллектив алған міндеттемелерін мерзімінен бұрын орындау үшін еңбек өнімділігін арттырып, өнімнің мінсіз сапалы шығарылу қамын жан-жақты ойластыруда.

Социалистік жарысқа ұштасқандардың ішінде коммунистер мен комсомолдер

орындалуын тексеріп отырады. Олардың жұмыс көрсеткіштері жақсы.

Консерві заводының партия ұйымы жөніндегі өзінің жұмыс стилін мүлдем өзгертіп, социалистік жарысқа, алынған міндеттемелердің орындалуын бақылау және тексеру жұмыстарына, өндіріс озаттарының іс тәжірибелерін көпшіліктің игілігіне айнадыру ісіне соңғы уақытта мейлінше жете көңіл бөлуде. Сондықтан жұмысшылар мен инженер-техник қызметкерлер жоспардың сан жағынан орындалуына ғана назар аударып қоймай, өнімнің мінсіз сапалы болуы, жеке опе-

## Майға тартулар

Петропавл нан комбинатының коллективі Бірінші майға лайықты тартулар әзірлеуде. Комбинат жұмысшылары Май қарсаңындағы стахановтық вахтаға тұрып, алған міндеттемелерің асыра орындауда. Мұнда екі комсомол-жастар бригадасы ұйымдастырылған. Бригаданың бірін А. Швецова жолдас, екіншісін Н. Добрынина жолдас басқарады. Бригадалар және олардың мүшелері өзара социалистік жарысқа түсті. Алынған міндеттемелер бригаданың жыйналыстарында талқыланып, бекітілгеннен кейін көрнекті жерге ілініп қойылды. Міндеттемелердің орындалуын кәсіподақ комитеті үнемі тексеріп, 10 күн сайын оның қорытындысын шығарып отырады.

Швецова жолдас басқарған бригада апрельдің 10 күндік тапсырмасын 116 процент орындап, бір тонна 557 килограмм үн үнемдеді. Осы бригаданың мүшелері таңдаулы стахановшылар Т. Софронова, В. Белоусов жолдас сменалық тапсырманы үнемі асыра орындап келеді. Сол сияқты, комсомолка Ф. Казарина, үлгі жасаушы Е. Шалякина жолдас та стахановша еңбек етуде.

Н. Добрынина жолдасын басқаруындағы нан пісірушілер бригадасы апрельдің алғашқы 10 күнінде өндірістік тапсырманы асыра орындап, 823 килограмм үн үнемдеді.

Нан комбинатының коллективі 1953 жылдың бірінші тоқсанының жоспарын 104,2 процент орындаумен бірге, апрельдің тапсырмасын 25 апрельде аяқтауға, 25 мың сомның материалдары мен шикізатын үнемдеуге нақтылы міндеттемелер алып, сол міндеттемелерді орындау жолында қажырлылықпен күресуде.

К. ЧЕРЕПАНОВ,

Нан комбинаты партия ұйымының секретары.

дің ерекшелігін еске ала отырып, өздерінің шараларын белгілеуді ұсынды. Аудандық партия комитеттері мен бастауыш партия ұйымдарының міндеті — көктемгі егіс кезінде жүргізілетін саяси-бұқаралық және мәдени-ағарту жұмыстарының нақты шараларын тез белгілеп, оны бірау мажлістері мен партия жыйналыстарында талқылап бекіту болып табылады.

Әрине, мұндай шаралар белгілеумен і бітеді деуге болмайды. Бұл — жүргізілетін жұмыстың түрлері мен әдістерін ғана белгілеу. Әңгіме белгіленген шаралардың орындалуын ұйымдастыруда. Егер жұмысты осылай ұйымдастыра алмасақ жақсы шаралардың өзі жүзеге асырылмай, қағаз жүзінде қалып қояы ықтй-мал. Міне, сондықтан істі ұйымдастыру және тексеру мәселелеріне ерекше назар аудару қажет.

Көктемгі егіс кезінде барлық жұмысымыздағы сыяқты, саяси және шаруашылық міндеттердің бір-бірімен тығыз ұштастырыла жүргізілуіне жетісу қажет. Саяси үгітті бағалаушылықтың қандай түріне болсын жол берілмеуге тиіс.

«Саясатты шаруашылықтан айыруға болмайды. Саясаттан аулақ кете алмайтынмыз сыяқты, біз шаруашылықтан да аулақ кете алмаймыз... Практикада саясат пен шаруашылық біртұтас нәрсе. Бу-

көрсетілуін кеңінен ұйымдастырған жөн.

Бұл күндері егіс даласындағы саяси үгіттің барлық әсері әрбір колхоз бен совхоз, бригада бойынша көктемгі дала жұмыстарының графиктерін мерзімінде сапалы орындау мақсатына бағытталсын. Социалистік жарыста қабылданған міндеттемелердің орындалуы үнемі тексеріліп, оның нәтижелері көрсеткіш тақталарында, «Жауынгерлік листоктерде», қабырға газеттерінде үнемі әйгіленіп отырылуы керек. Жұмысты әрбір механизатор мен жұмысшы, колхозшы социалистік міндеттемені толық және асыра орындайтындай етіп ұйымдастыру қажет. Социалистік жарыс озаттарының жұмыс тәжірибелері көпшіліктің игілігіне айналдырылсын.

Аудандық партия комитеттері көктемгі егіс кезіндегі саяси-бұқаралық және мәдени-ағарту жұмыстарына күнбе-күн назар аударып, істе кездескен кемшіліктерді дереу жоюдың шараларын жүзеге асыруды ұйымдастырулары қажет. Партия комитеттерінің басшы қызметкерлері колхоздар мен совхоздарда жиі болып, бастауыш партия ұйымдарының секретарьларына саяси үгітті ұйымдастыру жөнінде қолма-қол көмек көрсетуге тиіс.

Көктемгі егіс кезіндегі саяси-бұқаралық жұмыстың өрісі кең, дәрежесі жоғары болсын.

**Б. ЖАҚЫПОВ,**  
(Өз тілшіміз).

### АЛҒАШҚЫ КҮНІ

Полудень ауданының алдыңғы қатарлы колхоздары үстіміздегі жылы егіннің барлық көлемінен мол өнім алу жолына барлық күш-мүмкіншіліктерін жұмсауда. Мұндай шаруашылықтар мол өнім жолындағы шешуші кезең — көктемгі егіске үлгілі әзірлік жүргізіп, оған ұйымшылдықпен кірісіп жатыр.

Күн жылынып, егістік жер қардан арғыла бастасымен аудан колхоздары егіс басына шықты. Көзір алғашқы дала жұмыстары жүргізілуде. Егіс жұмыстарына бірінші болып шыққандардың бірі — Ленин атындағы колхоз. Дала жұмыстарының алғашқы күндерінде тракторшы Д. Функнер жолдас жақсы нәтижелерге ие болды. Ол «С—60» тракторымен алғашқы бір күнде 82 гектар жер тырмалады. Ал, 14 апрель күні ол трактордың жұмыс өнімділігін арттырып, 120 гектар пармен зяб тырмалауға жетісті. Тракторшы Я. Фризен жолдас та «С—80» тракторымен бірінші сменада 125 гектар жер тырмалады.

Алғашқы дала жұмыстары Сталин атындағы колхозда да басталды.

**К. ШЕВЧЕНКО.**

## Совхоз егіншілерінің аса маңызды міндеттері

Облыс совхоздары мол өнім жолындағы шешуші кезең — көктемгі егіске кірісуде. 1953 жылы ауыл шаруашылығындағы табыс көктемгі дала жұмыстарының ұйымшылдықпен өткізілуіне, егіс жоспарының әрбір дақыл бойынша мінсіз орындалуына байланысты.

Егін шығымдылығын арттыру жолындағы күресте совхоз басшыларының алдында аса күрделі міндеттер тұр. Ол — ауылшаруашылық жұмыстарының мерзімін қысқартып, сапасын жақсартуды қамтамасыз ету, жер өңдеуді дұрыс жүргізу және тыңайтқыштарды агротехникаға сай пайдалану, өндірісте ғылым мен озат тәжірибе табыстарын кеңінен қолдану, техниканы тиімді пайдалану, дала жұмыстарының түсер қуының арзандалуы қамтамасыз ету болып табылады. Өйткені, бұл шаралардың ойдағыдай жүзеге асырылуы партияның XIX съезінің дәлді дақылдардың шығымдылығын арттыру жөніндегі қарарларының мінсіз орындалуына қолайлы жағдай туғызады. Совхоздар озат техникамен жеткілікті жабықталған, оның бұл міндетті ойдағыдай орындауына толық мүмкіншілігі бар. Мәселен оны тиімді пайдалануда ғана.

Көктемгі егіске әзірлікте совхоздар бір қатар игілі жұмыстар істеді. Мәселен, оларда егістік жердің 87 проценті күні бұрын әзірленген. Тракторлар мен ауылшаруашылық машиналары сапалы жөн-

деушілердің ролі атқарып, өнімнің шығарылуына үлкен жауапкершілікпен қарап, ақау жібермеудің, жұмыс үстінде кездескен кемшіліктерді басып түрде сынап, оны тез жоюдың үлгілерін көрсетіп жүр.

Коммунист Н. Хобенко жолдас басқарған ағаш шеберлері цехының коллективі күндік тапсырманы асыра орындауда. Балашов және Анохина сыяқты жолдас-тар мінсіз сапалы өнім беруді қамтамасыз етумен бірге, еңбек өнімділігін біржарым есеге дейін арттыруда.

Коммунист Сковородин жолдас басқарған буын-түю цехының коллективі ағаш шеберлері цехының жұмысшыларын социалистік жарысқа шақырғаң болатын. Бұл цехтар өзара алған міндеттемелерінің

### МЕРЕКЕЛІК ВАХТАДА

Еңбекшілердің халықаралық мейрамы 1 Май күнін лайықты табыстармен қарсы алу үшін жарыса отырып, Петропавлдағы «Еңбінді» кәсіпшілік артельдің коллективі өндірісте жаңа табыстарға ие болуда. Мереке күрметіндегі жарыста қабылдаған көтеріңкі социалистік міндеттемелерін артельдің коллективі артығымен орындауда. Мұнда март айында жоспардан тыс 80 мың сомның бұйымдары шығарылды.

Май мерекесі алдындағы стахановтық

рацияларда материалдар мен шикі заттардың көптеп үнемделуі жолында қажырлылықпен еңбек етуде. Әрі көп, әрі сапалы өнім беруде көптеген жұмысшылар өздерінің жауапкершілігін бұрынғыдан да күшті сезінетін болды. Мәселен, слесарь Исаева жолдасдың басқаруындағы бригада өндіріс жоспарын асыра орындаумен бірге, 1352 сомның материалын үнемдеді. Жұмысшы Молоткова 475 сомның, Кундарева жолдасдың басқаруындағы бригада 2471 сомның материалы мен шикізатын үнемдеді.

**И. АНУФРИЕВ,**

Микоян атындағы ет-консерві комбинатының партия бюросының секретары.

вахтада, әсіресе, басқым тігетін цех өнімді жұмыс істеуде. Бұл цехтың коллективі күнделікті тапсырманы 115—120 процент орындайды.

Артельдің стахановшылары Меңдібай Физатуллин, Зағида Умалкулова, Мәруәр Рамазанова және басқалары сменасына біржарым-екі нормадан орындайды. Олар көзір апрель айының соңғы аптасы есебіне жұмыс істеп жүр.

**Р. ХАМИТОВ.**

### МЫҢ СОМ

«Комсомолка» тігін фабрикасының коллективі Бірінші май қарсаңындағы бүкіл халықтық социалистік жарысқа ұштаса отырып, даңқты мерекені лайықты табыстармен қарсы алу үшін қолда бар мүмкіншіліктердің барлығын есепке алып, еңбек өнімділігін арттыра түсуде. Коллектив мүшелері апрель айының өндірістік програмасын 26 апрельде аяқтап, 1000 шаршы метр материал үнемдеуге, елімізге жоспардан тыс 400 мың сомның өнімін беруге міндеттенген-ді.

Фабрика комсомолдерінің жалпы жыйналысында коллектив алған міндеттемелер талқыланып, әрбір комсомол мүшесі Май мерекесі алдындағы жарысқа қосылумен бірге, өздеріне нақтылы міндеттемелер алды. Комсомолдер алған міндеттемелерін орындау үшін еңбек қарқынын күшейте түсті. А. Михайленко жолдас басқарған комсомол-жастар бригадасы бұл күндерде ұйымшылдықпен жұмыс істеуде. Бригада мүшелері сменалық тапсырманы үнемі 120—130 процент орындап, мінсіз сапалы өнім беруді қамтамасыз етіп келеді.

**Е. РУДЕНКО,**

«Комсомолка» тігін фабрикасы комсомол ұйымының секретары.

## Тасқын суды қарсы алу

ЖЕГУЛЕВСК. (Куйбышев облысы), 11 апрель. (СОТА). Көктемге санаулы-ақ күн қалды. Көктемгі тасқын суды Куйбышев СЭС-інің құрылысшылары зор әзірлікпен қарсы алуда. Су құрылысшылар коллективі СЭС-тің құрылыс алаңын тасқын судан қорғайтын бөгет салуда үш айға жуық қажырлы еңбек етті. Волганың суы ағатын жерлерде құмнан, болат пен тастан жасалған биік бөгеттер қылдырмақ қалау аяқталды.

Көзір өзен үсті құлақ тесті тып-тыныш. Жұқа мұздың үстінен көлікпен де, жаяу да өтуге болмайды. Бұдан аз-ақ уақыт бұрын Волганың мұз қабатының үсті әрбір өткел жолдарға толы, тығыз тартылған байланыс сымдарына, жоғары вольтті сымдарға (қуатты топырақ сорғыш снарядтарға тоқ беретін) толы зор құрылыс алаңы болатын.

—Бөгет салу, —дейді Куйбышев СЭС құрылысы бас инженерінің міндетін атқарушы В. В. Антонов, —СЭС-тің котлова-

нынан топырақ шығаруды бір де минут тоқтатпай жүргізуге мүмкіндік береді. Көзір ол көктемгі тасқын судан сенімді қорғаныста тұр.

Әрбір текшеметр жер қазу жұмыстарының өзіндік құнын кеміту жөніндегі жарыстың бастаушысы болған экскаваторшы Мичев жолдасдың экипажы графикті мерзімінен көп бұрын орындауда. Атақты стахановшының бригадасы биологиялық қышай жағдайда өте тереңдікте—Волга дөңгелінен 20 метр дерлік төменде жұмыс істеді. Жер қазғыш машина котлованының түбінде 3 қабат ағаш жолымен жылжыйды. Норма бойынша әрбір қабатқа 300 текшеметр ағаш жұмсалуды керек. Экскаваторшылар оған ағашты екі есе кем жұмсады. Сөйтіп, стахановшылар екі айдың ішінде тек ағаш материалдарынан ғана 20 мың сомнан аса қаржы үнемдеді. Жұмыстың өзіндік құны еңбек өнімділігін арттыру есебінен де 150 процент кеміді.

## ҒЫЛМИ КАДРЛАРДЫ ДАЯРЛАУ

Қазақ ССР Ғылым академиясында аспирантураға қабылдау жұмысы басталды. Үстіміздегі оқу жылында ғылымның әртүрлі салалары—физика, астрофизика, металлургия, физикалық химия, көмір және кен шығатын жерлерді пайдаға асыру, тіл білімі, философия жөнінде және басқа мамандықтар бойынша 135 аспирант қабылданады.

Академия өзі құрылғаннан бергі жерде

ғылымның 45 докторын және 370 кандидатты даярлады.

Быйыл аспиранттарды сапа жағынан сұрыптап алуға қойылатын талаптар анағұрлым артып отыр. Академияның ғылыми зерттеу мекемелерінің аспирантурасына алғашқы ондаған арыздар түсті, кенді Алтайдың, республиканың металлургия өнеркәсіп орындарының инженерлерінен, дәрігерлерден, экономистерден, агрономдардан түсті.

(СОТА).

ғары тұқым себуінің тиісті шараларын қолданулары керек.

Көктемгі егісті агротехникалық қолайлы мерзімде өткізу үшін дала жұмыстарына ұйымшылдықпен кірісу қажет.

Совхоз партия ұйымдары көктемгі егіс кезінде үгіт-бұқаралық жұмысты пәрменді түрде жүргізулері керек. Олар бұл арқылы әрбір тракторшының күндік норманы ұдайы толық және артығымен орындауына, механизаторлардың өндірісте ғылым мен озат тәжірибе табыстарын кеңінен қолданып, жұмысты түр-түрі бойынша агротехникалық қолайлы мерзімде, әрі сапалы атқаруына жетісуге тиіс. Әсіресе, тракторшылардың сағаттық график бойынша жұмыс істеуін ұйымдастыра білу керек. Әрбір тракторшы жұмысты өнімді істеумен бірге, трактор жұмыстарының түсер құнын кемітетін, жанар, жағар майын көптеп үнемдейтін болсын.

Көктемдегі әрбір жұмыс агротехникалық талаптарға сай жүргізілуге тиіс. Бұл жөнінде агрономдарға зор міндет жүктеледі. Олар үнемі егіс жұмыстарының бақылаушы болып, олардың сапалы атқарылуына бақылау жасап отыруға тиіс.

Көктемгі егіске зор ұйымшылдықпен кірісіп, оны агротехникалық қолайлы мерзімде өткізу — совхоз егіншілерінің бүгін таңдағы ең басты міндеті.

**В. БОЙЧЕНКО,**

Қазақстан КП обкомінің совхоздар секторының меңгерушісі.

Қазақстан КП облыстық комитетінде

ПРЕСНОВ АУДАНЫҚ ПАРТИЯ КОМИТЕТІНІҢ КӨКТЕМГІ ЕГІС КЕЗІНДЕ ЖҮРГІЗЕТІН САЯСИ-БҰҚАРАЛЫҚ ЖҰМЫСЫНЫҢ ШАРАЛАРЫН БЕКІТУ ТУРАЛЫ

Қазақстан КП облыстық комитеті Преснов аудандық партия комитетінің, Мологов атындағы колхоз бастауыш партия ұйымының, «Жизнь» колхозының үгітшілер коллективінің, аудандық «Ударник» газетінің және Ново-Рыбинка оқу үйінің көктемгі егіс кезінде жүргізетін саяси-бұқаралық және мәдени-ағарту жұмыстарының шараларын қарап бекітті.

Облыстық комитеттің бюросы аудандық партия комитеттеріне осы қаулыға сәйкес, жергілікті жердің ерекшеліктерін еске ала отырып, көктемгі егіс кезінде жүргізетін саяси-бұқаралық жұмыстың шараларын белгілеп, бекітуді ұсынды. (Төменде облыстық партия комитеті бекіткен шаралардың мазмұны жарияланып отыр).

Преснов аудандық партия комитетінің көктемгі егіс кезінде саяси-бұқаралық және мәдени-ағарту жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі шаралары

Колхозшы шаруалардың саяси және еді-бектегі белсенділігі, социалистік ауыл шаруашылығының техникамен жабдықталуының өсуі көктемгі егісті ойдағыдай және тез, агротехникалық жоғары дәрежеде өткізу үшін қажетті толық жағдай туғызады. Көктемгі егіс науқанын ойдағыдай өткізуде партия ұйымдары ұйымдастырушы және жетекші роль атқарады.

Преснов аудандық партия комитеті алда тұрған міндеттерді талқылап, көктемгі егіс кезінде егіншілер мен механизаторлар арасында саяси-бұқаралық жұмысты күшейтуге бағытталған шараларды белгіледі. Аудандық комитет үгітшілер коллективінің жұмысына ерекше назар аударады. Олардың жетекшілері—партия ұйымдарының секретарьларымен, сондай-ақ, МТС директорларының саяси жұмыс жөніндегі орынбасарларымен, дала жұмыстары басталғанға дейін егіс және трактор бригадаларындағы партия топтарының үгіт-бұқаралық және мәдени-ағарту жұмыстарын ұйымдастыру жөніндегі мәселелерді талқылауға арналған кеңестер өткізіледі. Социалистік жарысты кеңінен өрістетуге, көрнекі үгітті пайдалану мәселесіне ерекше назар аударылады.

Үгітшілердің жауапкершілігін арттыру, олардың алда тұрған міндеттерді терең түсінуіне көмектесу мақсатымен МТС-терде, совхоздарда және ірі селолық Советтерде үгітшілердің кеңестері өткізіледі. Бұл кеңестерде аудандық партия комитетінің секретарьлары және басқа қызметкерлері баяндама жасайтын болады.

Көктемгі егіс кезінде үгітшілермен аптасына бір рет нұсқау-кеңес өткізіледі. Бұл — саяси үгіттің мақсаты, нақтылы және әсерлі болуы үшін қажетті шарт. Үгіт коллективтерінің жетекшілері үгітшілерге нұсқау беріп, оларға шаруашылық-саяси міндеттер туралы, өз шаруашылығындағы істің жайы туралы айтып, кезекті өткізілетін әңгімелердің тақырыптарын белгілейді. Кеңестерде үгітшілердің өздерінің істеген жұмыстары жөнінде есебі тыңдалып, талқыланады.

Село еңбекшілерін киномен жақсы қадау мақсатымен егіс басталғанға дейін ки-

номеханиктермен екі күндік семинар өткізіледі. Оның тақырыбын аудандық киноландыру бөлімі белгілейді. Көктемгі егіс кезінде ауданда 8 жылжымалы кино жұмыс істейтін болады. Олардың алдына көктемгі егіс кезінде совхоздардың әрбір бөлімшесін немесе фермасын және колхоздардың бригадаларын кемінде екі-үш рет қамту міндеті қойылды. Көктемгі егісте жұмыс істейтін МТС, совхоз қызметкерлеріне және колхозшыларға ауданның совхоздары мен колхоздарындағы көктемгі егістің жайын көрсететін 16 түсті газеттер көрсетілмек.

Аудандық партия комитетінің белгілеген шараларында мәдени-ағарту мекемелерінің жұмысына едәуір көңіл бөлініп отыр. Мәдени-ағарту қызметкерлерімен арнаулы кеңес өткізіледі. Аудандық мәдениет үйінің көркемөнерпаздар үйірмесіне қатысушыларынан мәдени-үгіт бригадасы құрылады. Оларға автомашина беріледі, киноаппаратура және кітапханамен қамтамасыз етіледі. Мұнан басқа көркемөнерпаздар үйірмелеріне қатысушылардан ұйымдастырылған тағы да 20 мәдениет бригадасы жұмыс істейтін болады.

Аудандық және селолық кітапханалардың кітап қорларынан әрбір дала қостарында немесе совхоздың бөлімшелерінде жұмыс істейтін жылжымалы кітапханалар ұйымдастырылады.

Аудандық «Ударник» газетінің редакциясы жұмысшы, ауыл-село тілшілерінің және қабырға газеттері редакторларының қабырға газеттерінің көктемгі егіс кезіндегі міндеттерін талқылауға арналған кеңесін өткізеді. Кеңеске қатысушыларға қабырға газеттерін, «Жауынгерлік диетоктарды», «Молнияларды» қалай шығарудың практикалық әдістері айтылады. Қабырға газеттерінің редакторлары өздерінің жұмыс тәжірибелерімен ауысып, халықаралық жағдай туралы лекциялар тыңдайды.

Қай істің болсын нәтижелі болуы адамдардың өз міндетін терең түсінуіне, алда тұрған жұмыстың мақсатын білуіне байланысты екені мәлім. Осы мақсатты орындау үшін бригадаларда колхозшылардың

жыйналыстары өткізіліп, онда көктемгі егіс кезіндегі бригаданың өндірістік жоспары талқыланады. МТС-терде механизаторлардың егісте техниканы тиімді пайдалану мәселесін талқылауға арналған кеңестері шақырылады.

Колхозшыларға, МТС және совхоз қызметкерлеріне ең қолайлы мәдени-тұрмыстық жағдай жасау үшін мәдени қостары тиісті тәртіпке келтіріледі. Олар ұрандармен және плакаттармен, партия мен үкмет басшыларының портреттерімен безендіріледі. Әрбір мәдени қоста газеттер витриналары қойылады. Сонымен бірге, оларда радиокабылдағыштар, дойбы, шахмат, домино, музыкалық аспаптар болады. Мәдени қостар газеттермен, журналдармен үнемі қамтамасыз етіледі.

Әрбір колхозда, МТС-те және совхозда құрмет тақтасы, ал, егіс бригадаларының қостарында көрсеткіш тақталары ұйымдастырылады. Арнаулы орындарға бригадалардың, агрегаттардың, жеке механизаторлар мен колхозшылардың социалистік міндеттемелері ұқыптылықпен ілініп қойылатын болады.

Жұмыстың барысына бақылау жасау мақсатымен бригаданың, колхоздың, совхоздың егіс жұмыстарының графигін орындауының, сондай-ақ, жеке міндеттемелердің орындалуының қорытындысы үнемі шығарылып отыратын болады. Көктемгі егіс озаттарының тәжірибелері аудандық газет және қабырға газеттері, колхоз, совхоздардың радиотранстары, үгітшілердің әңгімелері арқылы кеңінен насихатталады.

Социалистік жарыста үздік шыққан егіс және трактор бригадаларына, колхозшыларға, МТС және совхоз қызметкерлеріне ауыспалы қызыл тулар, қызыл жалаулар және басқа сыйлықтар беру ұйғарылды. Аудандық «Ударник» газетінде құрмет тақтасы болады.

Ауданда үгіт пункттерінің жергілікті Советтердің сайлауына әзірлік және оны өткізу кезіндегі жұмысы баянды етіледі. Үгіт пункттерінің меңгерушілері мен үгітшілерге көктемгі егіс кезінде саяси үгіт-

ті ұйымдастыру жөнінде көмек көрсету туралы кеңес өткізіледі.

Саяси үгіттің идеялық дәрежесін арттырудың маңызды шарттарының бірі —басшы партия, совет кадрларының саяси-бұқаралық жұмысқа тікелей қатысуы және еңбекшілер арасындағы лекциялық насихатты жүргізетін ұйымдардың жұмысына басшылықты күшейту болып табылады.

Аудандық партия комитетінің шараларында саяси баяндамашылармен, саяси және ғылыми білімдерді тарату қоғамының аудандық бөлімшесінің лекторларымен кеңес өткізу белгіленді. Колхозшылардың, МТС және совхоз жұмысшыларының жыйналыстарында көктемгі егіс кезіне белгіленген тақырыптар бойынша лекциялар оқылады және баяндамалар жасалады. Лекциялар мен баяндамалардың ішінде «И. В. Сталиннің «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» деген еңбегі, «ССРО-ны өркендетудің бесінші бесжылдық жоспары — коммунизм жолындағы ірі қадам», «Партия мен үкметтің совет халқының материалдық әл-ауқаты мен мәдениет дәрежесін арттыру жөніндегі қамқорлығы», «Көзгі жағдай туралы», «Еңбекші және оның колхоз өндірісіндегі ролі», «Басқа планеталарда өмір бар ма?» деген тақырыптар, барлығы 30 лекция бар. Лекция оқып, баяндама жасайтындар аудандық партия комитетінің секретарьлары мен партия, совет активтері.

Белгіленген шаралардың орындалуын бақылау мақсатымен аудандық партия комитетінің бюросы көктемгі егіс кезінде өзінің мәжлісінде «Баян» колхозының партия ұйымының үгітшілер коллективінің жұмысы, «Организованный труд» колхозы партия ұйымының социалистік жарысқа басшылығы жөнінде, село еңбекшілерін мәдениетті қадау жөнінде мәселелер тыңдап, талқылайтын болды.

Колхоздардың, МТС-тердің, совхоздардың партия ұйымдарында жыйналыстар өткізіледі. Онда саяси-бұқаралық және мәдени-ағарту жұмыстарының жоспарлары талқыланып, бекітіледі. Олардың орындалуы үшін бақылау ұйымдастырылады.

дауыстап оқу белгіленді. Селолық лектордың мүшелері колхозшылар үшін бір-

Баспасөзге шолу

Озат малшылардың тәжірибесі кең таратылсын

Партияның XIX съезінің ССРО-ны өркендетудің бесінші бесжылдық жоспары жөніндегі директивалары қоғамдық мал шаруашылығын өркендетіп, оның өнімділігін арттыра беру жөнінде колхоздар мен совхоздардың алдына өрасан зор міндеттер қойды. Бұл міндеттерді ойдағыдай орындау жолындағы күресте озат малшылардың жұмыс тәжірибесін кеңінен таратудың зор маңызы бар.

Озаттардың жұмыс тәжірибесін күнбе-күн насихаттап, тарата беру, оны көпшіліктің игілігіне айналдыру, сөйтіп еталмалық бесінші бесжылдықты мерзімінен бұрын орындау жолындағы күресте малшыларға нақтылы көмек беру — баспасөздің аса маңызды міндеттерінің бірі. Бірақ Солтүстік Қазақстан облыстық «Ленин туы» газеті бұл мәселеге жете мән бермей келеді.

1953 жылғы 3 январьдағы басмақаласында газет «Мал шаруашылығы озаттарының тәжірибелерін көпшіліктің игілігіне айналдыру арқылы барлық мал өсірушілерді жаңа жеңіске жігерлендіру» қажет екендігін көрсетті. Бұл өте дұрыс пікір еді. Бірақ газеттің өзі бұл жөнінде маңызды ештеңе істеген жоқ. Үстіміздегі жылдың басынан бері ол озат малшылардың жұмыс тәжірибесін таратуға арналған бірде-бір күрделі мақала, алдыңғы қатарлы тәжірибесі, жұмыстың жаңа әдістерін көрсететін бірде-бір очерк берген жоқ.

Облыста тәжірибелі маман малшылар жоқ па? Әрине, бар. Мысалы, газет өзінің 1 январьдағы номерінде Соколов ауданындағы «Путь Ильича» колхозының шошқа күтушісі П. Желудеваның 1952 жылы 17 мерезкіннен 295 торай өсіргенін, одан кейін таңдаулы шошан К. Мұстафиннің әрбір 100 саулықтан 115 қозы өсіргенін және Чистов совхозының бұзау күтушісі Е. Кондратованың 1952 жылы 144 бұзауды аман өсіргенін хабарлады. Малшылардың еңбек майданындағы табыстарын цифрлармен ғана көрсететін хабарлар газеттің басқа номерлерінде де бар. Бірақ, олардың іс тәжірибесін айқын көрсететін материалдар жоқ.

Преснов ауданындағы «Красное знамя» колхозының бұзау күтушісі Пелагея Юдакованың жұмыс әдісі жөнінде газет: «бұзауларды жазды күні дұрыс жайып бағып, қысты күні қолдан тыңғылықты азықтандырып, күйді өсіре білді» деп жазды. Ал, дұрыс жайып бағу үшін, тыңғылықты азықтандыру үшін ол не істеді, бұзау өсірудің қандай жақсы әдісін қолданды? Бұл сұрақтарға газет жауап бермейді.

11 мартта «Бұзауды салқын жерде күтудің шебері» деген мақала жарияланды.

Солтүстік Қазақстан облысы мал кештату маусымының ақырғы және ең жауапты кезеңіне келгенде, газеттің айтуынша, «облысты тұтас алғанда мал қыстатудың жайы мейлінше қанағаттанғысыз, бұл аса маңызды істе ойсыраған одақтықтар» болып отырған. Бірсыпыра колхоздарда мал азығы жеткіліксіз, қоралар суық болған. Дегенмен, қолда бар жемшөпті үнемдеп жұмсап, барлық малды қыстан аман алып шығып келе жатқан, мал күтімін мейлінше жақсарту арқылы мал шаруашылығының өнімділігін еселеп арттырып келе жатқан озат колхоздар мен совхоздар аз емес еді. Алайда, газет мұндай шаруашылықтың жұмыс тәжірибесі жайында ештеңе жазбады. Рас, 24 январьда «Ленин туы» газеті «Мал қыстатудың озаттарына теңелейік» деген арнаулы бөлім берді. Әңгіме озаттар туралы болып отырғаннан кейін, олардың жұмыс әдісі де айтылатын шығар деп ойлайсыз. Бірақ, алдыңғы қатарлылардың тәжірибесі жөнінен бір де сөз жоқ. «Онда зоотехникалық ережелерді мінсіз қолданып отырады», «Еңбек өнімділігін еселеп арттыруда», «Мал жақсы қыстатылуда» деген жалаң сөздерден аяқ алып жүре алмайсыз.

Алдыңғы қатарлы малшылардың іс тәжірибесін таратуда колхозшылардың ұңғылық агро-зоотехникалық курстары маңызды роль атқарады. Бірақ, газет бұл ұңғылық курстардағы оқудың барысы туралы үлкенді-кішілі мақала, хабарлар бере отырып, тәжірибе алмасу туралы жұмған аузын ашпайды.

Газеттен теріс ұғым беретін немесе түсініксіз сөйлемдер жиі кездеседі. Мысалы, Чистов совхозының бұзау күтушісі Е. Кондратованың жұмысы жайында газет былай дейді: «Туған күнінен бастап әрбір бұзауды азықтандырып күтемін. Пысық аяқтанғаннан кейін-ақ бұзауды жаңа сауылған сүтпен ауыздандырамын (?)!». Редакция алдыңғы қатарлы төл күтушінің жұмыс әдісін насихаттамай, қайта оның бөлігін түсіріп отыр. Анығында Е. Кондратова жолдастың бұзауды алдымен ауыздандырып алғандығы, сонан кейін барып, азықтандыруға кіріскендігі даусыз.

Озат тәжірибесін тарату — аса маңызды міндет. Бірақ газет жергілікті ұйымдардың еңбек озаттарының жұмыс тәжірибесін көпшігін игілігіне айналдырудағы ролін көрсетпейді. Олардың бұл істегі жақсы жұмыстарын жазып, істе болып отырған кемшіліктерді батыл сынамайды, тәжірибе тарату жөнінде партия ұйымдарының алдына нақтылы міндеттер қоймайды.

Жоғарыда көрсетілген фактілер қоғам-

Аудандық «Ударник» газеті редакциясының көктемгі егіс кезіндегі жұмыс жоспары

Партия ұйымы көктемгі егіс кезінде агрономияны, техниканы дұрыс және

жүйелі жүргізілуіне қамқорлық жасау мақсатымен

Газет редакциясы көктемгі егіс кезіндегі басмақалаларды жоспарлап, мынадай тақырыптарды қарастырды: «Көктемгі егіс те социалистік жарыс кеңінен өрістетілісін», «Колхоз партия ұйымдарының көктемгі дала жұмыстары кезіндегі жұмысы», «Тракторлардың жұмыс өнімділігі арттырылсын», көктемгі егіс науқанын ойдағыдай өткізу ісіне барлық күш-құралдарды жұмылдыру мақсатына бағытталған басқа да тақырыптар бар. Басмақалаларды жазуға аудандық партия комитетінің секретарлары мен бөлім меңгерушілері, аудандық Совет атқомінің председатели мен басқа да қызметкерлері қатысады.

Партия тұрмысы және саяси үгітті жазу жөнінде «Жизнь» колхозы партия ұйымының үгіт коллективінің көктемгі егіс кезіндегі жұмысы, трактор бригадасындағы партия тобының жұмысы туралы мақалаларды жазу белгіленді. Газет беттерінде Молотов атындағы колхоздың

### Молотов атындағы колхоз бастауыш партия ұйымының партиялық-саяси және үгіт-бұқаралық жұмысының жоспары

Колхоз партия ұйымының көктемгі егіс кезіне арналған жұмыс жоспары аудандық партия комитетінің белгілеген шараларына сәйкес және ауылшаруашылық артеді мен партия ұйымының міндеттері еске алынып жасалды. Коммунистердің үш рет жыйналысын өткізу белгіленді. Алғашқы жыйналыс көктемгі егіске әзірлік және оны өткізу кезіндегі партия ұйымының міндеттеріне арналды. Осы жыйналыста партия ұйымының көктемгі егіс кезіндегі жұмыс жоспары бекітіледі. Келесі партия жыйналыстарында колхоз коммунистері көктемгі егіс графигінің орындауы барысын, үгіт-бұқаралық жұмыстың жайын, мұнан кейін егістің қорытындысын шығарып, пар жырту жөніндегі шараларды талқылайды. Колхоз партия ұйымы, сонымен қабат, қоғамдық мал шаруашылығын өркендету мәселесін де ұмытпайды. Мал шаруашылығын өркендетудің жоспары және шөп шабу науқанына әзірлік мәселелері көктемгі егісті аяқтай келе партия жыйналыстарында талқыланады.

Партия бюросының мәжілістерінде коммунистерді колхоз өндірісі участоктеріне орналастыру, бригадаларда партия және комсомол топтарын ұйымдастыру, партиялық тапсырмалардың орындалуы, мал өсірушілер арасындағы социалистік жарыс жөніндегі мәселелер қаралмақ. Осы сыяқты, бюрода үгітшілердің есебі, әйелдер Советінің, мәдени бригадалардың жұмысына байланысты мәселелер тыңдалмақ.

Сонымен қабат, жоспарда құрмет тақтасын көрсеткіш тақталарын, газет витриналарын ұйымдастыратын адамдар және оның мерзімдері және басқа мәселелер

### „Жизнь“ колхозының партия ұйымы үгіт коллективінің жұмыс жоспары

Колхоздың үгіт коллективінің жоспарында үгітшілермен өткізетін нұсқау кездестердің мерзімдері белгіленген. Оларға

партия ұйымының секретары Давыдов жолдастың мақаласы жарияланады. Ол партия ұйымының колхозшылар арасында саяси жұмысты қалай ұйымдастырып отырғаны жөнінде айтады. Газет арқылы таңдаулы үгітшілер, оқу үйінің меңгерушілері және киномеханиктер өздерінің тәжірибелерін ортаға салатын болады.

Газеттің редакциясы колхоз председателдерінің, агрономдардың, егіс және трактор бригадалары бригадирлерінің мақалаларын жариялауды жоспарлады. Олар көктемгі егіс кезінде өз жұмыстарын қалай ұйымдастырғаны жөнінде жазады.

Мұнымен қатар, редакция үгітшілерге көмек ретінде бірсыпыра мақалалар, мәдениет және тұрмыс мәселелері жөнінде бірнеше хабарлар жариялауды белгіледі. Сондай-ақ, көктемгі егісті өткізуге кедергі жасайтын кемшіліктерді қатаң сынау көзделін отыр.

Бастауыш партия ұйымы социалистік жарысты ұйымдастыру мәселесіне, тракторшыларға, тұқым шашушыларға және басқа колхозшыларға сыйлық беру ісіне ерекше назар аударып отыр. Егіс және трактор бригадаларының вагоншаларын жабдықтау, қабырға газеті мен «Жауынгерлік листоктарды» шығару мерзімдері белгіленді. Партия ұйымы үгіт бригадасын және жылжымалы кітапханалар ұйымдастырады. Физкультура коллективінің жұмысын жақсарту шаралары белгіленді.

Көктемгі егіс кезінде үгіт коллективінің жетекшісі үгітшілердің нұсқау кеңесін үнемі өткізін отырады. Олар көктемгі егіс кезіндегі өздерінің міндеттерін талқылайды. Үгітшілерге көрнекі үгітті және газетті өздерінің әңгімелеріне қалай пайдаланудың жолдары түсіндіріледі. Кеңестерде үгітшілердің тәжірибесін ауыстыру мәселесі ұйымдастырылады. Үгітшілер коллективінің жетекшісі нұсқау бергенде еліміздің ішкі және халықаралық жағдайы жөніндегі мәселелерді, ал, колхоз председателі артельдің шаруашылық жұмысының жайын хабарлап отыратын болады.

Үгітшілердің колхозшылармен өткізетін әңгімелерінің ішінде «Біздің борышымыз—егісті тез және сапалы өткізу». «Американ империализмі—еңбекшілердің қас жауы», «Ауыл шаруашылығы жаңа бесжылдықта», «Қытай Халық Республикасының елді демократиялық жолмен қайта құрудағы табыстары» және басқа тақырыптар бар.

Партия ұйымының жұмысына колхоз активтері көптеп қатыстырылады. кезектегі міндеттер түсіндіріледі, сондай-ақ, әңгімелерді ұйымдастыру жөнінде методикалық кеңестер беріледі.

Тыңдап қалуды, ауылшаруашылық артедінің әрбір мүшесінің патриоттық борышы, совет адамдарының саяси қырағылығы туралы және басқа тақырыптарда өңгіме өткізуді ұйғарды. Жоспарда мәдени қостарын ұйымдастыру және оларды радиоландырудың нақтылы шаралары белгіленді. Әрбір вагоншада және мәдени қосында қызыл мүйіз ұйымдастырылады. Бригадаларда Галина Николаеваның «Егіс орағы» деген романын коллектив болып

### Преснов МТС директорының саяси жұмыс жөніндегі орынбасарының жұмыс жоспары

Мекеме басшысының өз коллективі алдында лекция оқуының және баяндама жасауының зор маңызы бар екені мәлім. Осыны еске алып, Преснов МТС директорының саяси жұмыс жөніндегі орынбасарының жұмыс жоспарында механизаторлар алдында лекция оқу, баяндама жасау мәселелері белгіленді. Ол МТС қызметкерлеріне партия мен үкметтің совет халқының материалдық әл-ауқат және мәдени дәрежесін арттыру жөніндегі қамқорлығы туралы, мол өнім алу жолындағы күресте механизаторлардың егіс бригадаларымен байланысын нығайту жөнінде және басқа тақырыптарда лекциялар оқылды.

МТС коммунистерімен социалистік жарыс мәселесі жөнінде жыйналыс өткізу, ал, комсомол жыйналысында ВЛКСМ мүшелерінің көктемгі егіс науқанындағы міндеттері туралы мәселе қаралмақ. Мұнымен бірге, машина-трактор мастерскойының коллективі өзінің жыйналысында станция қызметкерлерінің трактор жөндеуді аяқтау, шөп шабатын және егін жыйнайтын ма-

### Ново-Рыбинка оқу үйінің жұмыс жоспары

Жоспарда оқу үйі советінің мәжілісін өткізу және мәдениет бригадаларын ұйымдастыру белгіленді. Колхоз басқармасына бригадалар және жеке колхозшылар арасындағы социалистік жарысты ұйымдастыру және оның барысын тексеру жөнінде көмек көрсетіледі. Оқу үйі жылжымалы кітапханалар ұйымдастырады. Оның активтері «Халықаралық мереке—1 Май», «Ауыл шаруашылығы жаңа бесжылдықта» және басқа тақырыптарда әңгімелер өткізеді. Белгіленген лекциялардың ішінде: «Дүние жүзі халықтары бейбітшілік үшін күресте», «Сталин жолдас социализммен коммунизмге өтудің негізгі алғы шарттары туралы» және басқалары бар.

Бригадалар мен трактор отрядтары үшін оқу үйі партияның XIX съезінің бесінші

### Благовещенка селолық лекторийінің жұмыс жоспары

Селолық лекторийдің мүшелері колхоз егіс даласының еңбекшілері үшін қоғамдық саяси және жаратылыс-ғылыми тақырыптарда бірнеше лекциялар оқылды. Көктемгі егіс кезіндегі лекциялардың жоспарына мына тақырыптар енгізілді: «Ленин мен Сталин американың империализмінің реакциялық мәні туралы», «Бейбітшілік соғысқа қарсы», «Мал шаруашылығының өнімділігін арттыру жолдары», «Соци-

алистік жарыстың әсерлі болуы мақсатымен бес күнде бір рет «бригада күнін» өткізу ұйғарылды. Онда социалистік жарыстың қорытындысы шығарылып, озаттардың тәжірибелері насихатталады.

Социалистік жарыстың әсерлі болуы мақсатымен бес күнде бір рет «бригада күнін» өткізу ұйғарылды. Онда социалистік жарыстың қорытындысы шығарылып, озаттардың тәжірибелері насихатталады.

Осы сыяқты, МТС агрономдарының кенесін өткізу белгіленді. Онда егіс жұмысына қоғамдық бақылау ұйымдастыру жөніндегі шаралар қаралады. МТС директорының саяси жұмыс жөніндегі орынбасары партия ұйымының секретарымен бірлесіп, МТС пен колхоздар арасындағы договорлық міндеттемелердің орындалуына қоғамдық бақылау ұйымдастырады.

Жоспарда колхоз партия ұйымдарына көмек көрсету. Майбалық МТС-мен жасасқан социалистік жарыс шартының орындалуын тексеруді ұйымдастыру шаралары белгіленді.

МТС директорының саяси жұмыс жөніндегі орынбасары үгітшілердің саяси-бұқаралық жұмыстарына үнемі бағыт беріп, социалистік жарыстың қорытындысын жариялап отырады. Аптасына бір рет трактор бригадалары міндеттемелерінің орындалуы жөнінде информациялық бюллетень шығару ұйғарылды.

бесжылдық жоспар жөніндегі директиваларынан диаграммалар мен схемалар дайындайды. Коллектив болып радио тыңдау және социалистік ауыл шаруашылығының озаттарының колхозшылармен тәжірибе ауыстыру жөніндегі кездесуін ұйымдастыру белгіленді. Көктемгі егісте жұмыс істейтін колхозшылар мен механизаторлар үшін Г. Николаеваның «Егін орағы», Ю. Лаптевтің «Таң» және В. Лацетінің «Жаңа жиекке қарай» деген романдарынан үзінділерді дауыстап оқу ұйымдастырылады.

Оқу үйі колхоз партия ұйымына мәдени қостарын жабдықтауға және оларды қажетті мәдени құралдармен қамтамасыз етуге көмек көрсетеді.

Оқу үйінің жұмысына село интеллигенттері қатыстырылады.

Оқу үйінің жұмысына село интеллигенттері қатыстырылады.

Преснов ауданы партия ұйымының көктемгі егіс науқаны кезіндегі белгілеген шаралары аудан колхоздарының, МТС-тері мен совхоздарының алдындағы міндеттерді ойдағыдай орындау ісіне көмектесуді көздейді.

«Коммуна» колхозының бұзау күтушісі Лукерья Воспешенконың өндірістік табыстары айтылады. Оның жұмыс әдістері жөнінде газет бұзауларды салқын қораларда күту «тиімді әдістердің бірі» екенін Лукерья өзінің іс-тәжірибелерінен айқын көрді» дегумен ғана тынады. Газеттің жазуына қарағанда, Лукерья Воспешенко осы колхозда 20 жылдан бері бұзау күтуші болып істейді. Осы уақыт ішінде оның мол тәжірибе алғандығы, өз ісінің шын мәнісіндегі шебері болғандығы даусыз. Алайда газет облыс малшыларын Воспешенко жолдастына осы көпжылдық бай тәжірибесімен таныстыруды жөн деп ташпады.

Оқу үйінің жұмысына село интеллигенттері қатыстырылады.

### Кореядағы оқыйғалар

#### Халық Армиясы Бас Командованиесінің хабары

ПХЕНЬЯН, 15 апрель. (СОТА). Корей Халық-Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиесі бүгін Халық армиясының құрамалары және қытай халық еріктілерінің бөлімдері өткен

### Паньмыньчжондегі келіссөздер жайында

ПЕКИН, 14 апрель. (СОТА). Синьхуа агенттігінің тілшісі Кэсоннан былай деп хабарлайды:

11 апрельде ауру және жаралы соғыс тұтқындарын еліне қайтару туралы келісімге қол қойылғаннан кейін байланыс топтары штаб офицерлерінің мәжілісінде екі жақ ауру және жаралы соғыс тұтқындарын еліне қайтаруға байланысты әкімшілік жабдықтар жөнінде толық келісімге жетісті. 14 апрельде екі жақ ресми түрде осы келісімнің түпкілікті текстерін ауысып алысты. Сонымен, ауру және жаралы соғыс тұтқындарын еліне қайтару туралы мәселені екі жақтың конференцияда пікір алысу және талқылауы нәтижесінде ақылға сыйымды, екі жағына бірдей келісімге тез жетісті.

28 мартта және 1 апрельде корей-қытай жағы командашыларының генерал Марк Кларкқа жіберген хаттарына сәйкес және 31 мартта генерал Кларктің корей-қытай жағы командашысының атына жазған ха-

### Паньмыньчжондегі келіссөздер

ПЕКИН, 14 апрель. (СОТА). Синьхуа агенттігінің арнаулы тілшісі Кэсоннан былай деп хабарлады:

Бүгін ауру және жаралы соғыс тұтқындарын еліне қайтарудың егжей-тегжейлеріне қатысы бар Паньмыньчжонде екі жақтың штаб офицерлері келісімнің тұжырымды текстерін ауысып алысты. Келісім корей, қытай және ағылшын тілдерінде жасалған. Ауру және жаралы соғыс тұтқындарын еліне қайтару туралы келісімге мұнан үш күн бұрын қол қойылған.

Уақытша бітім туралы келіссөздерді қайтадан бастаудың мерзімі туралы мәселені

дың мал шаруашылығын өркендетіп, оның өнімділігін арттыра беру жолындағы жүрестің аса маңызды саласы—алдыңғы қатарлылардың жұмыс тәжірибесін кеңінен тарау ісімен «Ленин туы» газетінің шұғылданбайтынына айқын дәлел.

### «Социалистік Қазақстан», 10 апрель.

РЕДАКЦИЯДАН. «Ленин туы» газетінің редакциясы бұл шолуды коллектив жыйналысында талқылап, дұрыс деп тасты. Редакция озат малшылардың тәжірибелерін жазуды жақсарту жөнінде нақтылы шаралар белгіледі.

күні американың ағылшын интервенттеріне және лисыммакшыл әскерлерге қарсы майданның жеке участоктерінде жергілікті маңызы бар ұрыстар жүргізді деп хабарлады.

### Кореядағы оқыйғалар

#### Халық Армиясы Бас Командованиесінің хабары

ПХЕНЬЯН, 15 апрель. (СОТА). Корей Халық-Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиесі бүгін Халық армиясының құрамалары және қытай халық еріктілерінің бөлімдері өткен

### Паньмыньчжондегі келіссөздер жайында

ПЕКИН, 14 апрель. (СОТА). Синьхуа агенттігінің тілшісі Кэсоннан былай деп хабарлайды:

11 апрельде ауру және жаралы соғыс тұтқындарын еліне қайтару туралы келісімге қол қойылғаннан кейін байланыс топтары штаб офицерлерінің мәжілісінде екі жақ ауру және жаралы соғыс тұтқындарын еліне қайтаруға байланысты әкімшілік жабдықтар жөнінде толық келісімге жетісті. 14 апрельде екі жақ ресми түрде осы келісімнің түпкілікті текстерін ауысып алысты. Сонымен, ауру және жаралы соғыс тұтқындарын еліне қайтару туралы мәселені екі жақтың конференцияда пікір алысу және талқылауы нәтижесінде ақылға сыйымды, екі жағына бірдей келісімге тез жетісті.

28 мартта және 1 апрельде корей-қытай жағы командашыларының генерал Марк Кларкқа жіберген хаттарына сәйкес және 31 мартта генерал Кларктің корей-қытай жағы командашысының атына жазған ха-

### Паньмыньчжондегі келіссөздер

ПЕКИН, 14 апрель. (СОТА). Синьхуа агенттігінің арнаулы тілшісі Кэсоннан былай деп хабарлады:

Бүгін ауру және жаралы соғыс тұтқындарын еліне қайтарудың егжей-тегжейлеріне қатысы бар Паньмыньчжонде екі жақтың штаб офицерлері келісімнің тұжырымды текстерін ауысып алысты. Келісім корей, қытай және ағылшын тілдерінде жасалған. Ауру және жаралы соғыс тұтқындарын еліне қайтару туралы келісімге мұнан үш күн бұрын қол қойылған.

Уақытша бітім туралы келіссөздерді қайтадан бастаудың мерзімі туралы мәселені

Редактор **Г. МҰХАМЕДЖАНОВ.**